

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің 2023 – 2024 оқу жылындағы бастауыш сыныптарындағы атқарылған жұмыстар жайлы

Анықтама


2023 – 2024 оқу жылында мектебіміздің бастауыш сыныптарында 10 сынып комплектісі болды. Оқушы саны оқу жылының басында 197, оқу жылының соңында 188 болды. 1 А сынып оқушысы Сүтемген Аяла жалпы орта мектеп бағдарламасымен, 4 Б сынып оқушысы Сапар Жанерке жеңіл ақыл-ой кемістігі бағдарламасымен үйден оқыды. Оқушылар екі аусымда білім алды.

2023 – 2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда Қазақстан Республикасы орта білім берудің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бұйрығына сай оқу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу – ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. № 412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бұйрығы негізінде құрылып, мектеп директорымен бекітілген күнтізбелік жұмыс жоспары бойынша оқу – тәрбие үрдісіне қойылатын «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптары» санитарлық қағидаларын (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. №ҚР ДСМ – 76 бұйрығын) ескере отырып құрылған сабақ кестесіне сәйкес білім беру ісі жүзеге асырылды.

Бастауыш сыныптардың оқу тәрбие процесін басқару мектепшілік бақылау жоспарына сай жүзеге асырылып отырды. Бақылау жоспары бойынша оқу жылының басында 0 – дік бақылау жұмыстары алынды жоспарға сай ТЖБ кестесі құрылды. Кестеге сай жиынтық бағалаулар уақытылы жүргізілді және қорытындысы шығарылып, бастапқы бақылаумен, сондай – ақ тоқсан сайынғы алынған жұмыстармен салыстырмалы көрсеткіштері бірлестік отырысында талқыланып, тиісті шаралар қабылданып, жүргізіліп отырды.

Сынып бойынша оқу үлгерімінің жиынтық көрсеткіші

	Пән атауы	I тоқсан-ның білім сапасы	II тоқсан-ның білім сапасы	III тоқсан-ның білім сапасы	IV тоқсан-ның білім сапасы	Жылдық білім сапасы
	2 «А»	73	76,4	70,5	64,7	76,4
	2 «Ә»	63	63	63,1	63,1	63,1
	3 «А»	45	52,6	47,3	36,8	52,6
	3 «Ә»	57	57,8	55	60	60
	3 «Б»	56	52,6	50	61,1	61,1
	4 «А»	47	47	47,3	47,3	47,3
	4 «Ә»	44	44	47,3	50	50
	4 «Б»	44	44	44,4	42,1	42,1
	Жалпы	53	54,7	52,6	53	56,3



1 сынып оқушыларының оқу жылдамдығының көрсеткіші

/с	Сыныбы	Талапқа сай 25-35 сөз	Нормативтен төмен	Сапасы %	Сынып жетекшісі
	1 «А»	15	7	65	Алжанова Жазира
	1 «Ә»	8	9	45	Қайназарова Шакизат

Қараша айының 20-24 күндері аралығында бастауыш сыныптардың «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз» атты гуманитарлық пәндер апталығы болып өтті. Мақсаты: апталық барысын алаш арыстарының шығармашылығына арнай отырып, бастауыш сынып оқушыларына Тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екеніне кең түсінік беру, оқушыларды елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге тәрбиелей отырып, оқу үлгерімінің сапасын көтеруге, оқуға деген қызығушылығы мен талабын арттыруға ат салысу.



Апталық барысында Алаш арыстарына арнап көрме ұйымдастырылып, нәтижесінде мұғалім мен оқушының шығармашылық ойының ұштасуы мен эстетикалық жоғары талғамды көрсеткен сыныптарға орындар берілді. 4-3 сынып оқушылары арасында Білім сайыстары өткізілді. Пәндер бойынша ашық сабақтар өткізіліп, талқыланды, мұғалімдердің педагогикалық шеберліктері мен әдіс-тәсілдерді қолдануы, сынып оқушыларының үлгерімі қаралды. «Күз аруы» байқауы 2-3-4 сынып қыздары арасында өткізілсе, 2 сынып оқушылары арасында «Тіл жүйрікте, кім жүйрік?» атты тіл шеберлерінің сайысы өткізілді. Соңынан «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз» атты поэзия кеші ұйымдастырылды. Бастауыш сынып мұғалімдерімен апталықтың қорытындысы талқыланып, жіберілген олқылықтар мен ұсыныстар айтылды.

ҚР Оқу – ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының, оқушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстарының тізбесін бекіту» туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы, мектепшілік 19.10.2023 ж № 99 бұйрығы негізінде мектепшілік «Алтын тұғыр» олимпиадасы өткізілді. Олимпиададағы бастауыш сынып мұғалімдері қатысып, нәтижесінде Кубеева Айжамал аудандық кезеңіне жолдама алды. Кубеева Айжамал «Алтын тұғыр» олимпиадасының аудандық кезеңінен III – орынға ие болды.

Қазан айында «Алтын сақа» олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізіліп, аудандық кезеңге 6 оқушы ұсынылды. Ал аудандық кезеңде мектебімізден қатысқан 3 сынып оқушысы Тұрсын Айсұлтан 3 орынды иеленді, 4 А сынып оқушылары Әбдіразақ Исабек, Көбеш Ақбөпе Алғыс хатпен марапатталды.

Оқушылардың кіші ғылыми жобалары бойынша облыстық онлайн байқауынан А.Кубееваның 3 «А» сыныбынан «Велосипедтің пайдасы» тақырыбындағы жұмысымен Нұрмахан Сардар III орынды жеңіп алды.

Көктемгі «Бастау» олимпиадасынан аудандық кезеңнен 4 А сынып оқушысы Әбдіразақ Исабек пен 3 Ә сынып оқушысы Алпысбай Мейіржан 3 орындарды алды. Сәуір айында 4 сыныптардан 42 оқушы ББЖМ республикалық зерттеуіне ойдағыдай қатысып шықты.

15-19 сәуір аралығында бастауыш сыныптардың «Табиғат гажап әлем!» атты жаратылыстану пәндерінің апталығы болып өтті. **Мақсаты:** математика мен жаратылыстану пәндерінің барлық ғылымдардың бастауы ретіндегі маңызын түсіндіру, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, білімді, саналы, салиқалы болуға және ой алғырлығына, шығармашылыққа, еркіндікке баулу.





Апталық әр алуан қызықты ойындар ойнатумен басталып, керемет шығармашылық пен ой-қиялды ұштастырған оқушылардың көрме жұмыстарының байқауымен жалғасты. Пәндер бойынша ашық сабақтар өтті, математика, жаратылыстану пәндерінен бақылау жұмысы мен тест алынып, білім деңгейлері анықталды. Және әр сыныптың арасында «Үздік математика дәптері» анықталды. Сондай-ақ жаратылыстану және математика пәндері бойынша 3 және 4 сынып оқушыларымен «Ғажайып математика» сайысы болды. Сайыс жеңімпаздары арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. Апталық «Жаратылыстану – өмірді тану, табиғаттың сырын тану» атты тәрбиелік іс-шарамен жабылды. Соңынан бастауыш сынып мұғалімдерімен отырып апталықтың қорытындысы талқыланды. Жіберілген кемшіліктер ескертіліп, ұсыныстар айтылды.

Ел болашағы – жас бүлдіршіндерімізді білімді, жан-жақты шығармашыл тұлға етіп қалыптастыру үшін оқыту мен оқуда жаңа бастамаларды батыл енгізіп, әрбір күздіретті мұғалім өз идеясын жүзеге асыруда ізденуге ерінбеу керек. Сондықтан да келесі оқу жылында бастауыш сынып мұғалімдері алдына қойылатын міндеттер:

- бастауыш сынып оқушыларының қабілетіне қарай, сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, олардың жеке тұлға ретінде дамуына бағытталған функционалдық және смарт мақсаттарға шоғырланған сапалы білім беру;
- бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгерімінің деңгейін қанағаттанарлық дей отырып, оқушыларының оқу үлгерімі бойынша келесі оқу жылында қатаң талаптар қойылып, жоспарлы түрде қосымша кеңес беру сабақтары мен жеке оқушылармен жұмыстар жүргізуді қолға алу;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық, шығармашылық шеберліктерінің артуына ықпал жасау;
- пәндер бойынша жіберілген оқылықтарды ӘБ отырысында талқылап, алдағы оқу жылында қайталанбауын қадағалау.

ӘБ жетекшісі:

Ш. Қайназарова